

**Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
жүйесі педагогтеріне арналған
«Заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: үрдістер,
мәселелері, келешегі» тақырыбындағы съезд**

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2022 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтеріне арналған «Заманауи мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: үрдістер, мәселелері, келешегі» тақырыбында съезд өткізіледі.

Съезд жұмысына 300-ден астам адам қатысады. Съезд жұмысына ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің мамандары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің басшылары, жауапты мамандары, облыстық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімдерінің мамандары, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері мен педагогтері, жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждердің оқытушылары, біліктілікті арттыру институтының мамандары, педагогикалық шеберлік орталығының мамандары, Қазақстандағы БҰҰ-ның Балалар қорының (ЮНИСЕФ), үкіметтік емес ұйымдар мен баспалардың өкілдері қатысады.

Съезд жұмысы 2 бөлімнен тұрады: пленарлық отырыс және секция жұмыстары.

Төрт секция жұмысы ұйымдастырылады:

- *«Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың заманауи тәсілдері және оның мазмұны»;*
- *«Сапа өлшемшарттары және менеджмент»;*
- *«Ойын - баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы»;*
- *«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби және тұлғалық өсуі».*

Съезд барысында Мәскеу қалалық педагогикалық университеті және Ресей ғылымдары академиясының И.П. Павлов атындағы физиология институтының сарашыларымен онлайн трансляция жүргізіледі.

«Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың инновациялық технологиялары» тақырыбында көрме ұйымдастырылады.

Съезд жұмысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту бағыттары, мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби және тұлғалық өсуі, мектепке дейінгі білім беру саласында мамандар даярлау, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы және басқа да мәселелер талқыланады.

Қатысушылар съезд тақырыбына сәйкес пікір алмасады.

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша қарар қабылданады.
Өткізілетін күні: **2022 жылғы 25 ақпан**
Өткізілетін орны: Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
(секция жұмыстары)

«BOLASHAQ SARAIY» (пленарлық отырыс)

Байланыс телефон: **8 (7172) 28 09 50**

